

FinePower

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

FinePower RH0221

перфораторы

Мазмұны

| | |
|---|----|
| Сақтық шаралары | 4 |
| Құрылғы схемасы..... | 7 |
| Құрылғыны пайдалану | 8 |
| Құрылғыны іске қосу | 8 |
| Жұмыс режимін таңдау | 8 |
| Бұрғылау тереңдігін шектегіш | 9 |
| SDS-plus жұмыс құралын пайдалану | 10 |
| Алынбалы тұтқа | 10 |
| Техникалық қызмет көрсету | 10 |
| Техникалық сипаттамалар | 11 |
| Жиынтықтама..... | 11 |
| Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары | 11 |
| Қосымша ақпарат | 12 |

Құрметті сатып алушы!

«FinePower» сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Перфоратор — кірпіште, бетонда, таста, ағашта және металда тесіктерді бұрғылау және ұңғылау үшін пайдаланылатын құрылыс құралы.

Сақтық шаралары

- Қауіпсіздік нұсқаулықтары мен нұсқауларының барлығын оқып шығыңыз. Нұсқаулықтар мен нұсқаулардың бәрін орындамау электр тогының соғуына, өртке және/немесе ауыр жарақатқа душар етуі мүмкін. Нұсқаулықтар мен нұсқаулардың бәрін кейін пайдалану үшін сақтаңыз. «Электр құралы» термині қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтарда электр желісінен (кәбілмен) немесе батареямен (кәбілсіз) жұмыс істейтін электр құралына жатады.
- Жұмыс орныңызды таза және жарығын жеткілікті деңгейде ұстаңыз. Ретсіздік пен жарықтың жетіспеуі жазатайым жағдайларға ұшыратуы мүмкін.
- Электр құралын жарылыс қаупі бар ортада, мысалы, жанғыш сұйықтықтары бар, газды немесе шаңды жерде пайдаланбаңыз. Электр құралымен жұмыс істеу кезінде шаңды немесе буды тұтандырып жіберуі мүмкін ұшқындар шығады.
- Электр құралы жұмыс істеп тұрған кезде балалар мен сырттай бақылаушылар қауіпсіз қашықтықта болуы тиіс. Зейіннің алаңдауы құралды басқарудан айырылуға әкеп соқтыруы мүмкін.
- Желідегі кернеу техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілген кернеуге сәйкес келу-келмеуін әрдайым тексеріңіз.
- Электр құрал штепсельдері желілік розеткаға сәйкес келуі тиіс. Штепсельдерді ешбір жағдайда қайта жасамаңыз. Жерге тұйықталған электр құралдармен қандай да болмасын адаптерді бірге пайдаланбаңыз. Түпнұсқалық штепсельдер мен оларға сәйкес розеткалар электр тогының соғу қаупін азайтады.
- Дененің ашық бөлігін жерге тұйықталған беттерге, мысалы құбырларға, радиаторларға, асүй плитасы мен тоңазытқышқа тигізбеңіз. Дене жерге тұйықталған жағдайда электр тогының соғу қатері ұлғаяды.
- Электр құралдарды жаңбыр астында немесе ылғалды ортада қалдырмаңыз. Электр құрал ішіне су кірсе, электр тогының соғу қаупі ортады.
- Кәбілді дұрыс қолданыңыз. Құралды алып жүру, суыру немесе желінің розеткасынан ажырату үшін ешқашан кәбілден ұстамаңыз. Кәбілді жылу көздерінен, мұнай өнімдерінен, өткір заттар мен қозғалмалы бөлшектерден

аулақта сақтаңыз. Зақымдалған немесе шатасқан кәбілдер электр тогының соғу қаупін арттырады.


- Электр құралымен үй-жайдан тыс жерде жұмыс істеген кезде үй-жайдан тыс жерде пайдалануға арналған ұзартқыш баусымды пайдаланыңыз. Үй-жайдан тыс жердегі жұмысқа арналған баусымды пайдалану электр тогының соғу қаупін азайтады.
- Егер электр құралын ылғалды жағдайда пайдаланудан басқа амал қалмаса, қорғаныстық өшіру құрылғысын (ҚӨК) пайдаланыңыз. ҚӨК пайдалану электр тогының соғу қаупін азайтады.
- Электр құралымен жұмыс істеген кезде қырағы болып, іс-әрекеттеріңізді бақылауда ұстаңыз және ақылыңызды басшылыққа алыңыз. Егер шаршасаңыз немесе ішімдік не дәрі-дәрмектің әсерінен айықпаған күйде болсаңыз, электр құралын пайдаланбаңыз. Электр құралын пайдалану кезінде қас қағым сәтке зейінді жоғалту ауыр жарақатқа душар етуі мүмкін.
- Жеке қорғаныс құралдарын пайдаланыңыз. Әрдайым қорғаныш көзілдірігін киіп жүріңіз. Тиісті жағдайда қолданылатын шаңға қарсы респиратор, табаны тайғанамайтын аяқ киім, қорғаныш каскасы немесе есту мүшелерін қорғау құралдары сияқты қорғаныс құралдары жарақат алу қаупін азайтады.
- Аппараттың аңдаусызда қосылып кетуіне жол бермеңіз. Желіге қосар алдында ажыратқыштың сөндірулі тұрғанына көз жеткізіңіз. Электр құралдарды саусақпен ажыратқышты басып ұстап алып жүру немесе қосқыш қосулы тұрған ажыратқыш қосулы күйде тұрғанда электр құралдарды желіге жалғау жазатайым жағдайға душар етуі мүмкін.
- Электр құралды қоспас бұрын реттегіш немесе сомын кілттердің барлығын алып тастаңыз. Электр құралының айналмалы бөлігінде қалып қойған кілт жарақат салуы мүмкін.
- Күш салмаңыз. Әрдайым тұрақтылық пен тепе-теңдікті сақтаңыз. Бұл күтпеген жағдайларда электр құралды жақсы басқаруға мүмкіндік береді.
- Шәйкесінше киініңіз. Кең киім кимеңіз және әшекей бұйымдар тақпаңыз. Шашты, киімді және қолғапты қозғалып тұратын бөлшектерден алыс ұстаңыз. Кең киім, әшекей бұйымдар немесе ұзын шаш электр құралдың қозғалып тұратын бөлшектерінде тұрып қалуы мүмкін.
- Егер шанды әкетіп, жинайтын құрылғылар қарастырылса, олардың жалғанғанына және тиісінше пайдаланылып жатқанына көз жеткізіңіз. Ондай құрылғыларды пайдалану шаңнан туындайтын қауіпті азайта алады.
- Электр құралға артық жүктеме түсірмеңіз. Электр құралды мақсатына сай пайдаланыңыз. Дұрыс таңдалған құрал өзіне есептелген тәртіпте жұмысты жақсы және сенімді орындайды.
- Ажыратқышы бұзылған электр құралды пайдаланбаңыз. Ажыратқыштың көмегімен басқару мүмкіндігі жоқ кез келген электр құралы қауіпті болып табылады, ол жөнделуі тиіс.
- Электр құралдарды реттеудің, керек-жарағын ауыстырудың немесе сақтауға қоярдың алдында штепсельді қуат көзінен ажыратыңыз. Осындай ескерту сақтық шаралары электр құралдың байқаусызда іске қосылу қаупін азайтады.
- Электр құралды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және электр құралмен немесе осы нұсқаулармен таныс емес адамдарға оны пайдалануға рұқсат бермеңіз. Электр құралдар даярлықтан өтпеген пайдаланушылардың қолында қатер тудырады.
- Электр құралдарды жарамды күйде ұстаңыз. Қозғалмалы бөлшектердің жылжып кетуі немесе айқасып қалуы, бөлшектердің зақымдалуы немесе электр құралдардың жұмысына ықпал етуі мүмкін басқа да жағдайдың

болмауын қадағалаңыз. Бұзылған жері болса, пайдаланар алдында электр құралын жөндеңіз. Жазатайым жағдайлардың көпшілігі электр құралдарға тиісінше қызмет көрсетілмегеннен болады.

- Кесу құралдарын өткір және таза күйде ұстаңыз. Дұрыс күтім жасалғанда, кесетін жиектері өткір кескіш құралдар аз сыналанады әрі жеңіл басқарылады.
- Осы нұсқаулыққа сәйкес әрі орындалатын жұмыстың шарттары мен сипатын ескере отырып, электр құралдың нақты түрі белгіленген электр құралды, саймандарды, ұштықтарды және т.с.с. пайдаланыңыз. Электр құралды мақсатына сай пайдаланбау қауіп тудыруы мүмкін.
- Электр құралыңызды тек ұқсас ауыстыру бөлшектерін ғана қолданып жөндеу жүргізетін білікті маманға сеніп тапсырыңыз. Бұл электр құралының қауіпсіздігіне кепілдік береді.
- Перфораторды пайдаланған кезде есту мүшелерін қорғайтын құрал және бетті қорғайтын маска киген жөн. Шудың әсері есту қабілетіне зақым келтіруі мүмкін.
- Жұмыс істеп тұрған электр құралын қараусыз қалдырмаңыз. Құралды толық тоқтағанға дейін қоймаңыз және әрдайым сөндіріңіз.
- Ұзын шашты бас киіммен жабу қажет. Кең киіммен жұмыс істеуге болмайды.
- Қабырғада жұмыс істеген кезде абай болыңыз. Электр желілерінің, газ немесе су құбырларының зақымдануы қауіпті жағдайға әкеп соқтыруы мүмкін. Жұмыс аймағында жасырын электр сымдар жүйесі немесе құбырлар бар-жоғын анықтау үшін сәйкес детекторларды пайдаланыңыз.
- Желі кернеуі құрылғының төлқұжат тақтайшасында көрсетілген кернеуге сәйкестігіне міндетті түрде көз жеткізіңіз.
- Өңделетін дайындаманы бекітіңіз. Қысқыш құралдармен немесе атауызбен ұсталса, дайындама сенімді бекітілгені.
- Ұзартқыш кәбілдерді пайдалану. Құралға қуат беруге арналған ұзартқыштарды ғана пайдаланыңыз. Сымның ең кіші қимасы 1,5 мм² болуы тиіс. Кәбілдік барабандарды пайдаланған кезде кәбіл қашан да толығымен тарқатылған болуы тиіс.
- Тескіштерді ауыстырмас бұрын, әрдайым қуат ашасын розеткадан суырыңыз.
Назар аударыңыз: тескіштер өте ыстық болуы мүмкін.
- Тескіштер үшкір және жақсы күйде болуы тиіс. Жарылған және сынған тескіштерді бірден ауыстырыңыз.
- Перфоратормен жұмысты байыпты және біркелкі жұмыс істеңіз. Осылайша жазатайым жағдайдың алдын алуға және тескіштер мен перфоратордың қызмет ету мерзімін ұзартуға болады.

Назар аударыңыз! Пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта ұсынылған немесе кеңес берілгендерден басқа кез келген сайманды немесе айлабұйымды пайдалану жарақат алу қаупін тудыруы мүмкін.

Құрылғының схемасы



1. Бұрғы/қашау.
2. Тереңдікті шектегіш.
3. Майлағышқа арналған бөлімнің қақпағы.
4. Жұмыс режимдерін ауыстырып қосқыш.
5. Іске қосу ажыратқышының батырмасы.
6. Тұтқа.
7. Қылшақ ұстағыш қақпағы.
8. Корпус.
9. Алынбалы тұтқа.
10. Патрон.
11. Патрон муфтасы.

Құрылғыны пайдалану


Жұмысты бастау

- Қосу: іске қосу ажыратқышының түймесін басыңыз.
- Өшіру: іске қосу ажыратқышының түймесін жіберіңіз.

Жұмыс режимін таңдау

Соққымен бұрғылау режимі Бетонды және қаланған кірпішті бұрғылап тесуге арналған. Жұмыс режимдерін ауыстырып қосқыштың күйі 1-суреттегідей.

- Бұрғыны орнатыңыз.
- Бұрғының ұшын бұрғылау нүктесіне орнатып, іске қосу ажыратқышындағы түймені басыңыз.
- Құралды басқан кезде көп күш салмаңыз, жеңіл, біркелкі қысым жеткілікті болады.




Соққысыз бұрғылау режимі

Металлды немесе ағашты бұрғылауға және бекіту винттерін қатайтуға арналған. Жұмыс режимдерін ауыстырып қосқыштың күйі 2-суреттегідей.

- Металл мен ағашты бұрғылау үшін сізге осы құрылғы жинағында қамтылмаған қысқыш патронды орнату қажет.


2-сурет



Ұңғылау режимі

Ұсату, ұңғылау және сындыру жұмыстарына арналған.


- Сүңгі немесе қашауды орнатыңыз.
- Жұмыс режимдерінің ауыстырып-қосқышын 3-суретте көрсетілгендей орнатыңыз және құралдың орналасуын реттеңіз.
- Жұмыс режимдерінің ауыстырып-қосқышын 4-суретте көрсетілгендей орнатыңыз. Сүңгі немесе қашау бекітіледі.



Бұрғылау тереңдігін шектегіш

Бұрғылау тереңдігін шектегіш бұрғылау тереңдігін реттеуге мүмкіндік береді.


- Тоқтатқыш болтты босатып, бұрғылау тереңдігін шектегішті алынбалы тұтқадағы бекіту саңылауына орнатыңыз.
- Шектегіш күйін саңылау тереңдігіне сәйкес реттеп, тоқтатқыш болтты мықтап бұраңыз.



SDS-plus жұмыс құралын пайдалану

Бұл құрал SDS-plus® патронымен жабдықталған.
Біз кәсіби саймандарды ғана пайдалануға кеңес береміз.

1. Бұрғы/қашау сағағын тазалаңыз.
2. Бұрғы/қашау сағағын патронға салыңыз.
3. Бұрғыны/қашауды сағақ орнына түскенше итеріп бұраңыз.
4. Мықтап бекітілгенін тексеру үшін бұрғыны/қашауды тартыңыз.
5. Бұрғыны/қашауды алу үшін патронды/патрон муфтасын артқа тартып, оны патроннан алып шығыңыз.



Алынбалы тұтқа

Алынбалы тұтқаның күйін өзгерту құрылғы операторына қауіпсіз позицияны ұстап, физикалық жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Алынбалы тұтқаны айналдыру үшін алдымен тұтқаны сағат тіліне қарсы бағытта бұрап ашыңыз, содан кейін оны қайтадан қатайтыңыз.

Техникалық қызмет көрсету

- Электр құралыңыз техникалық қызмет аз көрсетіле отырып, ұзақ уақыт бойы жұмыс істеуге арналған. Дұрыс күтім жасалып, жиі тазаланып отырса, құралдың қызмет ету мерзімі мен сенімділігі ұзарады.
- Жарақаттанып қалмау үшін, керек-жарақтарды орнатпай және демонтаж жасамай тұрып, баптауды жасау немесе өзгертуден бұрын, құралды өшіріңіз де, оны электр қуат көзінен ажыратыңыз. Іске қосу ажыратқышының түймесі «ӨШІРУЛІ» күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз. Құралдың аңдаусызда іске қосылуы жарақат алуға әкеп соқтыруы мүмкін.
- Әрбір жұмыстың соңында құралдың корпусы мен желдеткіш саңылауларындағы шаң-тозаңды жұмсақ шүберекпен немесе сулықпен тазалау ұсынылады. Орнығып қалған ластануды сабынды суға дымқылданған жұмсақ шүберекпен кетіруге кеңес беріледі. Ластануды жою үшін бензин, спирт және т.с.с. еріткіштерді пайдалануға болмайды. Еріткіштерді қолдану құралдың корпусына зақым келтіруі мүмкін.
- Егер патрон зақымдалған немесе тозған болса, оны дереу ауыстырыңыз, себебі құрылғыға шаң түскен жағдайда, ол дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бірге берілген майлағышты құрал корпусындағы тиісті бөлікке әр 6 айда немесе қажетіне қарай қосыңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: RH0221.
- Желі параметрлері: 220-240 В ~ 50 Гц.
- Қуаты: 1500 Вт.
- Айналым: 870 айн/мин.
- Соққы саны: 4100 соққ/мин.
- Соққының қуаты: 5 Дж.
- Сағақ: SDS-plus.
- Дірілге қарсы тұтқа.

Жиынтықтама

- Құрылғы.
- Бұрғылау тереңдігін шектегіш.
- Бұрғылар: 6 мм / 8 мм / 10 мм.
- Қашау: тегіс/сүңгі.
- Майлағыш.
- Алынбалы тұтқа.
- Кілт.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын тұрғын-жайларында қаптамаға салып, 5 °С және 40 °С аралығындағы температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Тұрғын-жайларда коррозия туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды таситын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақау анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Чжэцзян Бэньюй Түлз Ко., Лтд.

Хайчан тас жолы, 188, Тайчжоу, Чжэцзян провинциясы, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты, оның сипаттамалары және жиынтықтылығы пайдаланушыға алдын ала хабарланбастан өзгеріске ұшырауы мүмкін. Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».
- КО ТР 010/2011 «Машиналар мен жабдықтың қауіпсіздігі туралы».
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI:

Кепілдікке қойылған күні:

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен істен шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштар, бағдарламалық құрал (БҚ) және драйверлер (бұйымның қатты магниттік дискілердегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық керек-жарақтар, құрал-саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндетіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Түрлендірулерді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтаманың; БҚ ұсынушысының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулықтары қуат беруші, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға ұқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыققа келтірілген залалға.



